

Әзірлеуді қамтамасыз ету және шешім қабылдаудың тиімді ақпараттық-аналитикалық мүдделерде жұмыс істеулері үшін ақпараттық қызметтің жұмысын орынды ұйымдастыру қажет. Осы қызметтер үшін психология, социология, политологияны басқаруда, аналитикалық жұмысқа кәсіби білімге ие бола алатын қызметкерлер, журналистикаға және ақпараттық саясатқа, ақпараттық технологияларға қызықтыру керек.

Әзірлеу және шешім қабылдауды қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-аналитикалық жұмысты өткізуінің технологияларында келесі кезеңдерді шартты түрде ерекшелеуге болады: 1) даярлау; 2) ақпаратты іздестіру; 3) аналитикалық өңдеу; 4) нәтижеленді іске асырылуы; 5) қабылданған басқару шешімдерінің ақпараттық бақылап отырылуы; 6) жұмыстың қорытындыларын талдау. Ең алдымен, білім және шешім генерациясы – бұл құралдар және әдістер үрдістің ұйымда жүруге қолданылатын күштерде

келтіре алмаған, бұл кезеңдерге нақты жүруге кеңес бере алмайды.

Шарттары мен ерекшеліктерін есепке алуымен қатар мемлекеттік билік және басқару органдары ақпараттық қызметтерінің жұмысты ұйымдастыруы жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік құрылымдар олардың қызметінің сапасы мен мәртебесін негізінен жоғарылатуға айтарлықтай мүмкіндік береді.

1. Социологиялық энциклопедия. 2 Т. – М., 2003 ж, 390 б.

2. Смирнов Э.Л. Басқару шешімдерін өңдеу. – М., 2001 ж, 19 б.

В статье рассматривается роль информации и ее тенденции в современном обществе.

The role of information and it's tendencies are discussed in this article.

Б. Хамзеева

АНТРОПОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ МӘРТЕБЕСІ

Антропология дегеніміз адамзат тарихы мен адам мәдениетін ғылыми зерттеу. Сөзбе-сөз адам туралы ғылым дегенді білдіреді. Шын мәнінде тарихи тұрғыдан өзгеріске түскен тұрғындардың әлеуметтік және биологиялық сипаттамасын зерттеуге арналған ғылыми білімнің бір бұтағы. «Британика» энциклопедиясы бізге осылай деп үйретеді. Осыған біздің қосарымыз антропологияны адамзат нәсілдерінің тек уақытта ғана емес кеңістіктегідегі де мәдени алуан түрлілігі қызықтырады. Жер бетіндегі халықтардың әлеуметтік-мәдени алуан түрлілігіне деген қызығушылық антропологияны этнографиямен жақындастырады.

Антропология, этнография және социологияның бірі-біріне жақын ғылымдар екендігі соншалықты, олардың арасын ажырату кейде қиынға соғады. Көбінесе көрнекті ғалымдар осы ғылымдардағы жаңа концепциялардың негізін салушылар немесе жасаушылар болып есептеледі. Солардың көрнекті мысалы социологияның да, антропологияның негізін салушы **Э.Дюркгейм** болып табылады.

Көрнекті социолог П.Бурдьё өзінің ғылыми мансабын антрополог ретінде бастаған. Неміс философы, әрі социологы **М.Шелер (1874-1928)** социологиядағы антропологиялық бағытты

дамытты. Өз кезінде **К.Леви-Стросс** антропология мен социологияны бір-бірінен мына критерий бойынша ажыратуды ұсынды: социология саналық іс-әрекеттерді, ал антропология бейсаналық іс-әрекеттерді (әдет-ғұрыптар, дәстүрлер) оқытып-үйретеді, - деді.

Бүгінгі күні антропология тар тақырыптық бағыт болудан қалды. Бұл ерекше философия, дүниеге деген ерекше көзқарас, өткенді ғана емес, бүгінгіні де қамтып отыр. Сондықтан да бүгінгі күні біз антропологияның күнделікті антропология, күштеу антропологиясы, визуалдық антропология, киберантропология т.б. түрлерін кездестіреміз.

1990 ж. ортасынан бастап Ресейде де әлеуметтік және мәдени антропология пайда бола бастады, тіпті антропология деген термин модаға айналды десе де болады.

Антропология социология, психология, саясаттану, экономика сияқты пәндермен қатар әлеуметтік ғылымдардың қатарына жатады. Олардың жалпы оқытатын пәні жеке немесе топтағы адамдардың мінез-құлқын зерттеу және ұқсас зерттеу әдістерін қолдану. Осының бәрінде математикалық әдістер мен есептеулер қолданылды. Олардан антропологияның ерекшелігі бар. Мысалы, мәдени антропологияны

алатын болсақ, оның гуманитарлық біліммен көп ұқсастығы бар, оның ішінде культурологиямен және философиямен де.

Антропология әсіресе социологиямен өте жақын, тіпті оларды апалы-сіңілі деп те айтуға болады. Олардың екеуі де көптеген бағыттарға бөлінеді, адам мен адамзаттың тарихи, мәдени, әлеуметтік қалыптасуын оқып-үйренуге бағытталған.

Ғалымдар «антропология» терминінің ең алғашқы қолданған Аристотель деп есептейді. Ол бұл сөзді адамдардың рухани табиғатын оқып-үйрену үшін қолданған. Дегенмен, кейбір ғалымдардың айтуынша «антропология» терминінің ежелгі гректер тіпті де қолданбаған. Аристотель өзінің «Никомахова этика» деген еңбегінде антропология сөзіне ұқсас «антрополиос» деген сөзді қолданған. Оның мағынасы «адам туралы сөз етуші» дегенді білдіреді.

«Антропология» термині XVI ғ. Германияда М.Хандт деген ғалымның «Антропология о достоинстве, природе и свойствах о человеке и об элементах, строении человеческого тела человека» деген еңбегінің атауында кездеседі. Бұл еңбекте адам тәнінің физикалық құрылымы жөнінде сөз болады. Осы ғасырдың соңында О.Касманның «Антропологическая психология, или учение о человеческой душе» деген трактат басылып шығады. Бұл кітапта анатомия жайлы емес, психология туралы сөз болады. Антропологияның проблематикасы тән туралы тақырыптан ығысып жан туралы салаға көшеді.

Нәтижесінде Еуропа Ренессансы (15-16 ғғ) «антропология» сөзінің екі түрлі мәнін бекітті, яғни адамның тәні туралы ғылым мен жаны туралы ілім. Бұл жағдай француз ағартушыларына антропология сөзінің мәні мен мағынасын кеңейтуге, сөйтіп оны жалпы адам туралы білімнің жиынтығы ретінде қарауға мүмкіндік берді.

XVIII-XIX ғғ. неміс философтары, оның ішінде И.Кант антропология қарастыратын мәселердің қатарына психологияның да қарастыратын мәселелерін қосты. Ал Ресейде антропология туралы тұңғыш еңбек XVIII ғ. соңында пайда болды, оның авторы – дьякон Иван Михайлов.

XVIII ғ. отарлаудың нәтижесінде антропологияның дамуы күрт өсті. Бұл кезде демографиялық және нәсілдік процестерге жіте көңіл бөлінді. XIX ғ. дамыған Еуропа елдерінде алғашқы қауым адамдарының қалдықтарын зерттеуге бағытталған антропологиялық қоғамдар құрыла бастады. XIX ғ бойы және күні бүгінге дейін Англия, Америка, Франция елдерінде антропология - 1-ден, адамдардың физикалық ұйымдасуы туралы ілім; 2-ден, әртүрлі халықтар мен тайпалардың өткені мен

бүгінгісінің мәдениеті мен тұрмысы туралы ілім деп түсініліп келді.

Көп жағдайда антропология адамзаттың өткенін зерттейтін ғылым ретінде түсінілді, дегенмен де кей жағдайда адам табиғатын кең ауқымды философиялық-гуманистік тұрғыдан түсінуге талпыныс жасау деп түсінілді. Мысалы, кейінгі кездерде теледидарда дана адамдармен, интеллектуал-гуманитар философтармен өмірдің мәні, адамның қоғамдағы орны, оның биологиялық дамуы, адам табиғатының мүмкіндіктері, сезімталдығы, адамның өлімге және мәңгі өмірге қатысы жайлы түрлі пікір-таластар, сұхбаттар өткізілуін жатқызуға болады.

«Адам табиғаты» деген ұғымның антропологиялық мәні өткен замандағы, бүгінгі күнгі, тіпті болашақтағы қоғамның типтеріне байланысты мәдениетке бейімделуі. Осы тұрғыдан алғанда, антропологияның бүгінгі күнге де, өткен күнге де қатысы бар. Басқа дүниеге, басқа планетаға бейімделуде – адам өзінің лингвистикалық қасиеттерін, табиғи дарындарын, ойын, сезімін, санасын, сезінуін, мәдениетін және тәнін сарқа жұмсайды. Осының барлығы сайып келгенде антропологияның зерттеу пәніне айналады.

Антропология салааралық пән. Ол адамдардың биологиялық, мәдени және әлеуметтік дамуын зерттейді. Алғашқы кезде антропология адамның пайда болып дамуы туралы ғылым ретінде түсінілді. Оның әлеуметтік-мәдени сипаттамасы ескерілмеді. Ал қазіргі антропология ежелгі және қазіргі қоғамның алуан түрлі типтерінің экономикалық жүйесін, әдет-ғұрыптардың, діни наным-сенімдердің, өмірдің алуан-түрлі әлеуметтік формаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуға ұмтылады.

Ғылыми айналымға «антропология термині» ағылшын тілді елдерде енгізілді, ал 90-шы жылдардан бастап Ресейде қолданыла бастады. Ресейде – этнография, Францияда – этнология, АҚШ-та мәдени антропология, Еуропада – этнология деп атайды.

«Антропология» ұғымы екі түрлі - тар және кең мағынада қолданылады. Антропология ұғымының тар мағынасы – тек адам туралы ілім (тән мен мидың, анатомия мен физиологияның өзара байланысы). КСРО-да «антропология» термині физикалық антропологияны белгілеу үшін қолданылды. Антропология саласындағы көрнекті маман Э.А.Орлова былай деп мәлімдеді: «Антропология ғылыми зерттеудің саласы ретінде XIX ғ. соңғы 4-ші ширегіде пайда болды және адамның табиғи тарихы - эмбриология, биология, анатомия, психофизиологияны қоса қамтиды. Сонымен бірге антро-

пология мынандай ғылымның салаларын қамтиды: **палеоэтнология** немесе алғы тарих – адамның пайда болуы, алғашқы жағдайы туралы ғылым; **этнология** – адамдардың жер бетінде таралуы мен олардың мінез-құлқын, әдет-ғұрыптарын зерттейтін ғылым саласы; **социология** – адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы ғылымның саласы; **лингвистика** – тілдердің пайда болып, таралуы туралы ілім; **фольклор**; **мифология** – діннің пайда болуы, тарихы және өзара іс-әрекеті туралы мағлұмат береді; **элеуметтік география** – адамдарға климаттардың, ландшафттардың әсер ететіндігі туралы ғылым; **демография** – адамдардың құрамы мен өзара орналасуы туралы статистикалық мәліметтер беретін ғылымның саласы».

Антропологияның кең мағынасы – шет елдерде адамзат туралы оның мәдени және элеуметтік аспектілерінің бірлігі туралы ғылым болып есептеледі. Ол – еңбек құралдары, техника мен технологияны, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, нанымдарды және құндылықтарды, элеуметтік институттарды, от-басын, неке мен туыстық қатынастарды, экономикалық механизмдерді, өнердің пайда болуын, белгілі бір нәрсеге қол жеткізуді оқытып-үйретеді. Антропологияның ең ауқымды трактовкасы антропология гуманитарлық-элеуметтік ғылымдарды, антропологияны, немесе адамның табиғи тарихын; палеоэтнология немесе алғы тарихты, этнологияны, социологияны, лингвистиканы, мифологияны т.б. қамтиды.

АҚШ-да антропологияға 4 пән қарайды. Олар **физикалық антропология, археологиялық антропология, мәдени антропология және лингвистикалық антропология**. Ұлыбританияда антропологияға 3 пән жатады. Олар: **физикалық антропология, археология және элеуметтік антропология**.

Ресейде антропологияға жататын пәндер жөнінде нақты түсінік қалыптасқан жоқ. Ресейде антропологияның орнына **этнография** деген термин қолданылып келді. Ресейде антропологияға – философиялық антропология, теологиялық антропология, психологиялық антропология, элеуметтік антропология, мәдени антропология, тарихи антропология, діни антропология, қалалық антропология т.т. жатқызыды. Ресейдегі әдебиеттерде антропологияның бірыңғай пәндері мен бағыттары қалыптасқан жоқ. Ресейдегі әдебиеттерде антропологияға адамдардың морфологиясын, антропогенез бен нәсілдер туралы ілімді жатқызады.

Осы аталған білімдердің саласы (антропология саласына жататын) үлкен екі сегментке – физикалық және мәдени антропологияларға бөлінеді. Біріншісі жаратылыстану ғылымда-

рына, екіншісі – элеуметтік ғылымдарға жатқызылды.

Мәдени антропология адам қоғамының дамуы мен мәдени айырмашылықтарын зерттейді. Ол – топтық мінез-құлықты, діннің қайнар көзі мен шығу тегін, элеуметтік нормалар мен дәстүрлерді, отбасылық және туыстық құрылымды, қарапайым қоғамдағы билік жүйесін, технологияның бастау көздерін зерттейді. Білімнің екі саласы да (физикалық және мәдени антропология) қолданбалы антропология мен археологиямен тығыз байланысты. Қолданбалы антропология қазіргі қоғамның сауықтырушысы (терапевті) функциясын атқарады. Мәдени күтпеген жағдайды емдеуде қолданбалы антрополог көмекке келеді.

Археология кей жағдайда тәуелсіз ғылым болып есептеледі. Антропологияны тарих ғылымымен бірдей, кейде тарих пен физикалық антропологияның бөлімі деп есептейді. Қалай десек те, екі ғылым да бір-бірімен тығыз байланысты.

Ресейде және Еуропның көптеген елдерінде антропологияға адамның пайда болып дамуы туралы ғылым - «физикалық антропологияны» жатқызады.

Дегенменде бүгінгі күні антропология пәні туралы түсінік өзгерді. Антропология дүниеге деген ауқымды гуманистік көзқарас болып есептеледі. Тәуелсіз ғылым ретінде антропология XIX ғ. екінші жартысында қалыптасты. Ол Ұлыбритания мен АҚШ-да кеңінен дамыды.

Бүгінде антропологияның зерттеу жиегі күрт өзгерді. Көрнекті америкалық антрополог К.Коттак былай деп жазады: «Антропология дүниеге деген ауқымды гуманистік көзқарас. Ол салыстырмалы кросс-мәдени зерттеуге негізделді, басқаша айтқанда әртүрлі халықтар мен түрлі мәдениеттерді өзара салыстырып қарастырады. Адамдардың көпшілігі антропологтар индустрияға дейінгі және қазба мәдениеттерді зерттейді деп түсінеді. Бірақ мен, сіздерге антропология қарапайым қоғамды зерттеумен шектелмейді деп сеніммен айта аламын. Оның көкжиегінде барлық қоғамдар – көне де, бүгінгі күнгі де қоғамдар бар. Антропология осыларды бейнелеп, салыстырып, бір-біріне қарсы қойып бейнелеуге тырысады.

Сонымен қатар бірде-бір элеуметтік ғылым қоғамның бір типінің шеңберінен шыға алмайды. Мысалы, индустриальдық қоғам АҚШ пен Канаданың мысалында түсіндірілді. Тек Англия ғана адамдарға бүкіл қоғамды қарастыруға, оларды кросс-мәдени перспективада қарастыруға, яғни әртүрлі елдердің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын салыстырып қарастыруға мүмкіндік береді».

Жалпы антропология мен кейбір бағыттардың тақырыбы антропогенез бен антропосоциогенез болып табылады.

Антропогенез (адам және оның шығу тегі) адамды биологиялық, психикалық және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарастырады.

Антропосоциогенез адамдардың әлеуметтік шығу тегі туралы ілім. Адамның биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне дейінгі жүріп өткен ұзақ тарихи процесін зерттейді.

Антропологияның проблематикасы саласында орыс философтары Вл.Соловьев, Н.Ф.Федоров, Н.А.Бердяев, С.Н.Булгаков, В.П.Вышеславцев, И.А.Ильин, Л.П.Карсавин, Н.О.Лосский, В.В.Розанов, П.А.Флоренский, С.Л.Франк, Л.Шестов, А.Ф.Лосев, сондай-ақ кеңес және ресей философтары С.С.Аверинцев, М.М.Бахтин, В.В.Бибихин, Ю.М.Бородай, Л.Н.Гумилев, А.Я.Гуревич, П.С.Гуревич, Вяч.Иванов, И.П.Казначеев, Ю.М.Лотман, М.К.Мамардашвили т.т. үлкен үлес қосты.

1995 жылдан бері этнографтар мен антропологтардың конгресстері ұдайы өткізіліп келеді. Мысалы, Ресейдің антропологтары мен этнографтарының IV конгрессінде (2001) 400-ден астам адам қатынасты. Бірнеше секциялар жұмыс істеді: «Этникалық және дін», «Ресейдегі және оның аумағындағы елдердердегі ислам», «Дәстүрлер, наным-сенімдер және жаңа пұтқа табынушылық» т.б. 2003 жылы Омскіде У конгресс өтті. Оған Ресейдің 55 қаласынан 320

адам, шетел ғалымдары қатынасты.

Қазақстанда діни антропология, мәдени антропология немесе әлеуметтік антропология мектептері туралы айта қою ертерек, бұл процесс қалыптасу сатысында. Ресеймен салыстырғанда Қазақстанда антропологиялық зерттеулер тарих ғылымының, мәдениет философиясының, этнографияның, этнологияның, әдебиеттің, өлкетанудың шеңберінде жүргізіліп келді. Тұңғыш рет Қазақстанның оқу орындарында, оның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде профессор А.Ғ.Қасымжановтың бастамасымен «Философиялық антропология», «Әлеуметтік антропология», кейіннен «Мәдени антропология» және «Діни антропология» деген арнайы пәндер енгізілді. Осы факультетте кандидаттық, докторлық диссертация қорғалды. А.Р.Масалимованың 2006 жылы «Мәдени антропология» (орыс тілінде) атты кітабы басылып шықты.

1. *Социальная антропология: Учебник.* - М., 2009.

2. *Проблема человека в западной философии.* - М., 1996.

В данной статье рассматривается предмет и научный статус антропологии.

In given article the subject and title of anthropology is considered.

П.М. Сулейменов

АРАБ МҰСЫЛМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орта ғасырда пайда болып, жаңа заманға дейін философия тарихында көрнекті орын алған, еңбектерін араб тілінде жазған, негізінен мұсылман елдерінен шыққан ойшылдар тобының ілімін ғылымда фалсафа деп атау дәстүрі бар. Оларды орыс тіліндегі әдебиеттерде «араб тіліндегі философия» немесе «араб философтары» дейді. Анығында бұлар ерекше ойлау менталитетіне ие болған фалсафа өкілдері.

Фалсафа туралы 1991 жылы Москваның «Наука» баспасынан жарық көрген «Исламның энциклопедиялық сөздігінде» мынадай түсінік берілген: «ал-фасафия» - термин, которым в средневековой мусульманской литературе обозначали философию мыслителей, ориентированных на античные модели философствования

называвшихся фаласафия (ед. ч файласуф) а также саму античную философию» [1].

Бұл түсініктен, мынадай жағдайлардың басы ашылып тұр. Біріншіден, фалсафа философия дегеннің арабшаланған түрі. Демек, араб тілі орта ғасырда философиялық мәдениеттің тіліне айналған. Философияның бір тілдік негізде өрбігені тарихта белгілі, айталық, антиктық философия грек тілі негізінде болса, Шығыс Азия мен Қытайда Тибет тілінде, Орта Азия мен Еуразиялық кеңістікте түркі тілінде, Батыс Еуропада орта ғасырлардан жаңа дәуірге дейін, латын тілінде, қазіргі заманда мұндай міндетті ағылшын тілі игеріп кетуі ықтимал.

Фалсафаның араб тілінде өрбуіне мәдени-тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайлар болған. Бұл